

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
ХАТТАМАСЫ №10**

**Қордай ауылы
«АМАНАТ» партиясының мәжіліс залы**

**23.09.2025 жыл
сағат 10:00**

Қатысқандар: Н.С.Молдабеков – Қоғамдық кеңес төрағасы, аудандық Қоғамдық кеңестің барлық кеңес мүшелері: қатысқаны – 9 мүшелері, қатыспағаны –2, оның ішінде: себепті-2 (М.Байгелов, К.Ағыбаева - денсаулықтарына байланысты).

Шақырылғандар: «ҚазТрансГазаймақ» АҚ Қордай газ шаруашылығының директоры – М.Таңғышбаев, Қордай ЭТЖ басқарушы – Е.Жамбасбаев, «Қазақтелеком» Қордай желілі техникалық цехінің бастығы – Э.Құрымбаев, БАҚ өкілі.

Төрағалық етуші: - Н.Молдабеков

Күн тәртібі:

1. «ҚазТрансГазаймақ» АҚ Қордай газ шаруашылығының 2024 жылдың және 2025 жылдың 8 айда атқарылған жұмыстары туралы;
2. Қордай ЭТЖ 2025 жылға бекітілген тарифтер және 2024 жылдың атқарылған жұмыстары туралы;
3. «Қазақтелеком» Қордай ауданы бойынша сату бөлімінің 2025 жылға бекітілген тарифтер және 2024 жылдың атқарылған жұмыстарын туралы;
4. Әртүрлі мәселелер (Ауданда үйлесімді қоғамдық қатынастарды дамыту, елімізде тұратын барлық этностар арасында қазақ халқының тілін, тарихын, дәстүрлерін, гуманитарлық және адамгершілік қағидаттарын танымал етуге ықпал жасау жөніндегі аудан әкімдігінің Ішкі саясат (басшысы Т.Қабылтай) және Тілдерді дамыту (басшысы С.Балпукова) бөлімдерінің атқарып жатқан жұмыстары туралы есептері, Ауданда абаттандыру санитарлық - тазалық жұмыстарының орындалуы туралы, Тұрғын-үй коммуналдық-шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі жұмыстарының орындалуы туралы (басшысы А.Абсеитов) және аудан әкімінің өкіміне және Жамбыл облысының прокурорының хатына сәйкес Құқықбұзушылықтың алдын алу, оған қоғамды кеңінен тарту және кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың профилактикасы мәселесі бойынша тиісті комиссиясына қазан айына зерделеу жүктелсін).

Н.Молдабеков:

Күн тәртібі жөнінде кімде қандай ұсыныс бар?

Ұсыныс – Бекітілсін.

Күн тәртібі бекітілді және отырыс ашық деп жариялансын.

Баяндамашыларға 5-7 минуттан уақыт белгілейік,

Сөз сөйлеушілерге - 5 минуттан уақыт белгілейік, келісесіздерме?

Басқа ұсыныс бар ма? Жок. Онда ұсынысты дауысқа қоямын.

Қарсы? – жоқ. Қалыс? – жоқ.

Н.Молдабеков:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша – Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі – Абилдаев Еркін Абилдаұлы баяндайды,- деді. (Баяндама тіркелінді).

Молдабеков Н.С.: Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? Жок.

Н.Молдабеков: Аталған мекеме басшылары сұрақтарға жауап береді,- деді.

ҚазТрансГазаймак» АҚ Қордай газ шаруашылығының 2024 жылдың және 2025 жылдың 8 айда атқарылған жұмыстары туралы, мекеме басшысы -Таңғышбаев Марат Омаралиевич толық баяндап берді. (Анықтама тіркелінді).

Н.Молдабеков: Мекеме басшысына сұрақтарыңыз бар ма? Жок.

Екінші болып мінбеге Қордай ЭТЖ 2025 жылға бекітілген тарифтер және 2024 жылдың атқарылған жұмыстарын мекеме басшысы - . Қордай ЭТЖ басқарушы – Жамбасбаев Ерлан Жұмалыұлы баяндады. (Анықтама тіркелінді),

Молдабеков Н.С.: Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? Бар.

Аманбаева М: Күнбатыс1-2 ауылдарында жанжал шықты, арыздары сіздің мекемеңізде тіркелмеді, қабылданбады деген шағымдар болды.

Жамбасбаев Е.Ж: Арыз,шағымдары тіркелінді. Оқиға 30 күн өткеннен соң хабарланды, бірақ өтіп кетсе де түсіндірме жұмыстары ауылдық акиматта жүргізілді. Ауыл тұрғындарына қанағаттандырылық жауаптар беріді.

Аманбаева М: Екінші сұрақ- Осы ауылдарда бағаналар ескірген, құлайтын жағдайға жетіп тұр,- деді.

Жамбасбаев Е.Ж: 2023 жылы Күнбатыс-1 ауылында жасалынған, ал 2026 жылы Күнбатыс-2 ауылына жоспарланып отыр.

Молдабеков Н.С.: Басқа қоятын сұрақтарыңыз бар ма?- деді. Жок.

Келесі сөз кезегін Қордай желілі техникалық цехінің бастығы -Құрымбаев Әрік Қадырханұлына беріледі, -деді.

Мекеме басшысы Қордай ауданы бойынша сату бөлімінің 2025 жылға бекітілген тарифтер және 2024 жылдың атқарылған жұмыстарын толық баяндап шықты. (Баяндама тіркелінді).

Молдабеков Н.С.: Мекеме басшысына сұрақтарыңыз бар ма?

Ағыбаев Е: Связь жұмыстары, яғни линия жұмыс істемеген жағдайда мобильный тобы бар ма? Сенбі, жексенбі күндері телефонға жауап бермейді. Әр үймен келісім шарт жасалынбаған.

Құрымбаев Е.Қ.: Жеке тұлғаларға жөндек жұмыстарына шықпайды, ал мемлекеттік органдарына міндетті түрде шығады.

Молдабеков Н.С.: Басқа қоятын сұрақтарыңыз бар ма?- деді. Жок. Олай болса, осы мәселе бойынша шешім қабылдайық,- деп сөзін аяқтады.

Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы?- Қалыс? –жок. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 – қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің 2025 жылдың екінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарына сәйкес аудандағы Жамбыл облысы электр жүйесі ЖШС «Қордай АЭЖ», «Қазақтелеком» АҚ, Қордай газ шаруашылықтарының 2025 жылға


бекітілген тарифтері, халыққа қызмет көрсету бойынша 2024 жылы атқарылған жұмыстары бойынша ақпараттары назарға алынсын;

2. Жамбыл облысы электр жүйесі «Қордай АЭЖ», «Қазақтелеком» АҚ, «Қордай Газ» шаруашылықтарына халыққа қызмет көрсетуді жетілдіріп отыру, «Қордай газ» шаруашылығындағы ағымдағы жөндеу жұмыстарын аяқтау, газ трубаларын сырлауды толық аяқтауды, жеке тұрғындармен келісім – шарт жасауды енгізу ұсынылсын
3. Жамбыл облысы электр жүйесі ЖШС «Қордай АЭЖ», «Қазақтелеком» АҚ, «Қордай газ» шаруашылықтарының тарифтері бойынша мәліметтерін БАҚ газеттердің беттеріне тұрақты жариялау ұсынылсын.

Келесі ең соңғы әртүрлі мәселелер бойынша қазан айында қаралатын сұрақтар, олар «Ауданда үйлесімді қоғамдық қатынастарды дамыту, елімізде тұратын барлық этностар арасында қазақ халқының тілін, тарихын, дәстүрлерін, гуманитарлық және адамгершілік қағидаттарын танымал етуге ықпал жасау жөніндегі аудан әкімдігінің Ішкі саясат (басшысы Т.Қабылтай) және Тілдерді дамыту (басшысы С.Балпукова) бөлімдерінің атқарып жатқан жұмыстары туралы есептері», «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына» (төрағасы Б.Жамангозовке) жүктелсін. «Ауданда абаттандыру санитарлық - тазалық жұмыстарының орындалуы туралы», тұрғын-үй коммуналдық-шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі жұмыстарының орындалуы туралы (басшысы А.Абсеитов), «Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия» (мүшесі Е.Абилдаевқа) жүктелсін. «Аудан әкімінің өкіміне және Жамбыл облысының прокурорының хатына сәйкес Құқықбұзушылықтың алдын алу, оған қоғамды кеңінен тарту және кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың профилактикасы мәселесі бойынша «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына» (төрағасы Б.Жамангозовке) жүктелсін.


Егер алып қосарларыңыз жоқ болса, күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Кеңес отырысы өз жұмысын күн тәртібіне сәйкес мәселелерді толығымен қарап, өз жұмысын аяқтады. Сіздерге көп рахмет.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



Р.Имашева